**Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы курестің 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасы туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 8 шілде N 736. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N 394 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар Бағдарламада көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Бағдарламаны орындауды қамтамасыз ету жөніндегі бақылау мен үйлестіру Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитетіне жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.Ә. Мұхаметжановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 8 шілдедегі
N 736 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасы**

Астана, 2002 жыл

## 1. Бағдарламаның паспорты

Атауы - Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздеме - Ел Президентінің "Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" деген 1997 жылғы 10 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауы ; "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N 394 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған стратегиясы

Негізгі әзірлеушілер - Әділет министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, Бас прокуратура, Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Жоғарғы Сот, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Қаржы полициясы агенттігі, Туризм және спорт жөніндегі агенттік.

Мақсаты - Қазақстан Республикасында нашақорлықтың және есірткі бизнесінің одан әрі таралуына қарсы тиімді мемлекеттік және қоғамдық іс-қимыл жүйесінің негізгі буындарын нығайту.

Міндеттері - нашақорлықтың алдын алу, оны емдеу жүйесін нығайту және есірткіге тәуелді адамдарды оңалту жүйесін құру;

есірткінің, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл тетігін нығайту;

есірткінің заңсыз айналымын және оларды теріс

пайдалануды бақылау саласында халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

Қаржыландыру көздері - республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары, халықаралық ұйымдар мен донор елдердің өтемсіз техникалық көмегі Бағдарламаны іске асыру республикалық бюджет қаражатынан 2002-2003 жылдарда 460,95 млн. теңге қаржыландыруды талап етеді.

Күтілетін нәтижелер - Бағдарламаны іске асыру нашақорлықтың алдын алу тиімділігін арттыруға, есірткіні заңсыз пайдаланатын адамдарды уақытында анықтауға және олардың санын қысқартуға, есірткінің заңсыз кіруіне қарсы Қазақстан Республикасының кедендік және мемлекеттік шекарасын бақылауды күшейтуге, есірткінің, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылау жүйесін нығайтуға, есірткінің заңсыз айналымына байланысты істер бойынша сот ісін жүргізу тиімділігін арттыруға, есірткінің заңсыз айналымын бақылау саласында халықаралық ұйымдар мен донор елдердің назарын аудару арқылы есірткіге сұранысты азайтуға, есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және оңалту, есірткінің заңсыз айналымының жолын кесу саласында перспективалы бағдарламаларды әзірлеуде және енгізуде оларға техникалық көмек көрсету үшін халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Іске асыру мерзімі - 2002-2003 жылдар

## 2. Кіріспе

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес Үкіметтің басым міндеті ретінде айқындалған Президенттің "Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" деген Қазақстан халқына Жолдауына , "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар

және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасындағы нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2000-2001 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижелері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған стратегиясы негізінде әзірленді.

## 3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Соңғы жылдары есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды теріс пайдалану әрі олардың заңсыз айналымының республикада жаппай таралуы етек алды және экономиканың, құқық тәртібінің жай-күйіне, қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалға, халықтың денсаулығы мен тектік қорына барған сайын теріс әсер етуде.

Орналасу ерекшелігіне орай Қазақстан Республикасының аумағы есірткіні Оңтүстік-Батыс Азия елдерінен, ең алдымен, Ауғанстаннан Еуропа елдеріндегі, соңғы жылдары Ресейдегі оларды өткізетін әлемдік рыноктарға жеткізу үшін оны транзиттік дәліз ретінде пайдаланатын халықаралық есірткі картельдері мүдделерінің аясында қалып отыр. Есірткі транзитінің ертеден пайдаланылып келе жатқан Азиядан Орталық Қазақстан арқылы Ресейге және әрі қарай - Еуропаға созылған бағытын "Өлім Жібек жолы" деп атайды.

Қалыптасқан ахуал тиісінше мемлекеттен халықтың психикалық және тән саулығын есірткінің лекіген толқынынан қорғауға бағытталған нақты пәрменді шаралар қабылдауды талап етеді.

Қазақстан Республикасында есірткінің таралуы мен оларды теріс пайдалануға байланысты тіркелген құқық бұзушылық санының өзгеру серпіні олардың ұдайы өсуін айқын көрсетіп отыр. Бұдан басқа, есірткіні жүйелі пайдаланатын адамдар саны да көбеюде. Бұл факторлар Қазақстандағы экономикалық және әлеуметтік ахуалға теріс әсер етеді және үрей туғызады.

Осыған байланысты есірткі айналымына бақылауды одан әрі күшейту, есірткіні теріс пайдалануға қарсы іс-қимылға мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық ұйымдардың қызметін жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитетін нығайту мақсатқа сай келеді.

Есірткінің мемлекеттегі заңсыз айналымы проблемасы жалпы ұлттық сипат алып отыр, өйткені халықтың барлық жігі, соның ішінде балалар да тартылған. Айталық, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығының (департаментінің) деректеріне сәйкес

2001 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша алдын алу есебінде есірткіні теріс пайдаланатын 38320 адам тұр, соның ішінде 1938-і кәмелетке толмағандар. 2002 жылғы 1 қаңтардағы есепте осындай 45505 адам тұр және 1927-і кәмелетке толмағандар. Алдын алу есебіндегі кәмелетке толмағандардың жалпы санының 1131-і оқушылар, 228-і - 15 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар; есірткіні теріс пайдаланатын әйелдердің саны үстіміздегі жылдың басында 4420-ны құрады.

Жоғарыда көрсетілген статистикалық және өзге де мәліметтерді талдау есірткіні заңсыз таратуға және оларды медициналық емес пайдалануға байланысты қылмыстар мен өзге де құқық бұзушылықтар саны өсуінің тұрақты үрдісінің сақталуы туралы айғақтайды.

Есірткіге қол жетімділік, оларды іс жүзінде кедергісіз сатып алу мүмкіндігі, салыстырмалы түрде арзандығы республикада бүгіндері есірткіні теріс тұтынудың, нашақорлық пен есірткі бизнесінің етек алуының басты себептерінің бірі болып отыр. Бұл ретте психиатриялық және наркологиялық қызметтердің жай-күйін жақсарту жөнінде мемлекет қабылдап жатқан шаралар әлі де жеткіліксіз.

1990 жылмен салыстырғанда 2000 жылы диспансерлер саны бір жарым есе, төсектер саны 2,5 есе қысқарып кетті. Соңғы үш жылда наркологиялық кабинеттердің саны екі есеге жуық азайды, наркологиялық ұйымдардағы жасөспірімдер кабинеттерінің саны кеміді.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында есірткіге қатысты ахуал:

есірткіге тәуелділікпен азап шегуші адамдар үшін алдын алу, емдеу және оңалту көмегінің жеткіліксіз дамуымен;

есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстар санының көбеюімен;

Қазақстан аумағын транзиттік дәліз ретінде пайдаланудың жалғасуымен, соның салдарынан есірткінің анағұрлым қауіпті түрлерінің (героиннің, апиынның және синтетикалық есірткілердің) контрабандасы мен транзитінің ұлғаюымен;

есірткіні тұтынушылар жасының төмендеуімен сипатталады.

Республикадағы есірткіліктің бетін қайтару мемлекет пен қоғамның күші толық жұмдасқанда ғана мүмкін болмақ.

## 4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасында нашақорлықтың одан әрі таралуына қарсы тиімді мемлекеттік және қоғамдық іс-қимыл жүйесінің негізгі буындарын нығайту және есірткі бизнесіне қарсы күресу болып табылады .

Бағдарламаның аса маңызды міндеттерінің қатарында:

1) нашақорлықтың алдын алуды, оны емдеу жүйесін нығайтуды және есірткіге тәуелді адамдарды оңалту жүйесін құруды;

2) есірткінің, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл тетігін нығайтуды;

3) есірткінің заңсыз айналымын және оларды теріс пайдалануды бақылау саласында халықаралық ынтымақтастықты нығайтуды бөліп көрсеткен жөн.

## 5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу әрі басты міндеттерді шешу үшін Бағдарламамен Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің қазіргі жүйесін нығайтуға бағытталған шаралар кешенін іске асыру көзделіп отыр.

Нашақорлықтың алдын алу, оны емдеу жүйесін нығайту және есірткіге тәуелді адамдарды оңалту жүйесін құру ісінде Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемалары республикалық орталығының, нашақорлықтан емделудің курсынан сәтті өткен адамдарды медициналық-әлеуметтік оңалту орталықтарының, сондай-ақ еліміздің медициналық жоғары оқу орындарының қызметіне зор көңіл бөлінетін болады. Бүгінгі таңда алдын алу емдеу және оңалту осы келеңсіз құбылысқа қарсы күрестің неғұрлым пәрменді жолдары болып табылатындықтан, мәселенің осы қыры ерекше назар аударуға лайық және нашақорлыққа "нәр беретін" тамырларды анықтауға, жоюға немесе оқшаулауға бағытталады.

Мұқтаж адамдардың көмекті уақтылы алу және тиісті қызметтерге қол жеткізу мүмкіндігін туғызу керек. Бұл ретте есірткі мен психотроптық заттарды пайдаланатын және пайдалануға бейім жасөспірімдерді емдеуге және әлеуметтік оңалтуға ерекше көңіл бөлінеді, осы орайда барлық наркологиялық диспансерде жасөспірімдер бөлімдері ашылатын болады.

Қазіргі кезеңде Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемалары республикалық орталығы нашақорлықтың алдын алу, оны емдеу және оңалту саласында елдің басты емдеу-клиникалық, ғылыми және оқу-әдістемелік базасына айналуға тиіс. Орталықтың алдында қоғамда есірткіні теріс пайдаланудың деңгейін жан-жақты, терең және үнемі талдау негізінде есірткіге сұранысты қысқарту, алдын алу, есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және оңалту жөніндегі республикалық мақсатты бағдарламалар әзірлеу; үйлестіруші немесе атқарушы ретінде оларды іске асыруға қатысу; ауруды емдеудің қазіргі заманғы әдістерін жасап, оларды (сынап көрген соң) елде кеңінен енгізуге ұсыну; нашақорлық неғұрлым көбірек жайлаған аймақтарды анықтау және мүдделі министрліктер мен ведомстволарды олардың бара-бар шаралар қолдануы

мақсатында хабардар ету; халықтың түрлі санаттарының арасында есірткіні теріс пайдаланудың тұрақты мониторингінің тетігін енгізу міндеті тұр.

Сондай-ақ Орталық негізінде халықаралық ұйымдар мен шет елдердің мамандары қатысып тұратын тұрақты жұмыс істейтін курстар, семинарлар жұмыс істеуге тиіс. Құрамында есірткісі бар өсімдіктердің таралу орнын анықтау , экологиялық ортаны ескеріп, оларды оқшауландыру күресінің әдістерін әзірлеу, құрамында есірткісі бар өсімдіктерді өнеркәсіптік өндірісте пайдаланудың ғылыми негіздерін жасау және нашақорлыққа қарсы күрестің басқа да проблемалары бойынша ғылыми-зерттеу бағдарламалары орындалатын болады.

Есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және оңалту саласындағы қазіргі заманғы стратегияның негізінде осы салада мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары әзірленетін болады.

Наркология саласында:

нашақорлықты әлеуметтік қауіпті ауру ретінде тану жағдайында наркологиялық қызметтерді жетілдіру мен дамыту;

бас бостандығынан айыру орындарында наркологиялық қызметтерді ұйымдастыруды және жарақтандыруды жақсарту;

наркологиялық мекемелерді аса тиімді дәрілермен және осы заманғы жабдықтармен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану керек.

Әлеуметтік есірткі иммунитетін егу мақсатында балаларға, жасөспірімдер мен жастарға арналған есірткіге қарсы оқу-танымдық әдебиеттер әзірлеу және басып шығару қажет, оқу орындарының жоспарында есірткіге қарсы тақырыптарда лекциялар енгізілетін болады.

Бұдан басқа, есірткіге қарсы тақырыптарда көркем шығармаларға конкурстар, спорттық жарыстар ұйымдастырып, телеарналар мен кинотеатрларда қоғам үшін есірткінің залалы туралы деректі, ғылыми-көпшілік және көркем фильмдер көрсете отырып, республикалық және жергілікті деңгейлерде Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне (26 маусым) арналған акциялар өткізу белгіленіп отыр.

Осы Бағдарламаны іске асырудың келесі бағыты нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы заңдарды жетілдіруге және есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына бақылауды күшейтуге бағытталған шаралар кешенін қамтитын есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл тетігін нығайту болып табылады.

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес проблемасы тиімділігі осы салаға тартылған барлық мемлекеттік органдардың бірлесіп үйлестірілген күш-жігері мен іс-әрекеттеріне байланысты жан-жақты сипат алатынын ескере отырып, мемлекеттік органдардың есірткі, психотроптық заттар мен

прекурсорлардың айналымын бақылауды жүзеге асыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді одан әрі әзірлеуі қажет болады.

Осы кезеңде есірткі бизнесінде ақшаның "ағылуына" қарсы күрес стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға кірісу керек.

Осы қызметте келесі маңызды бағыт зертхана жабдықтарын сатуға бақылауды қамтамасыз ету, прекурсорлардың заңсыз жасалуына, таралуы мен олардың ашық айналымнан жасырын айналымға шығарылуына жол бермеу жөнінде шаралар қолдану болып табылады.

Есірткінің негізгі ағыны республикаға іргелес мемлекеттерден заңсыз келіп түсетінін ескере отырып, республиканың кедендік және мемлекеттік шекарасының оңтүстік және оңтүстік-шығыс учаскелерін, Алматы, Астана қалаларының халықаралық әуежайларын және Ақтау қаласының теңіз портын күшейту жөнінде шаралар қабылдау керек.

Шекара арқылы есірткі партияларын заңсыз тасу және оларды республика аумағында тасымалдау кезінде оларды табудың анағұрлым тиімді әдісі иттерді пайдалану болып табылатынын практика көрсетіп отыр. Бірінші кезеңде құқық қорғау органдары есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі арнаулы бөлімшелерді білікті кинолог-мамандармен және сапалы дайындалған иттермен қамтамасыз ету мүмкіндігін алды. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті 2001 жылы Алматы қаласында Кинологиялық орталық ашты, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Ішкі істер министрлігі қолда бар ведомстволық питомниктерді жаңғыртты, бұл есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресті жоспарлы күшейтуге одан әрі ықпал етуі тиіс. Екінші кезеңде осы мақсатта есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресті жүзеге асыратын органдарда кинологиялық қызметтерді ұйымдастырушылық-кадрлық және техникалық нығайтуды жүзеге асыруға бағытталған қосымша шаралар қабылданатын болады .

Бас прокуратура жанындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығы ( департаменті) жүргізген есірткіге байланысты қылмыстар туралы ақпаратты жедел талдау негізінде есірткі қылмысының серпінін, құбылу себептерін зерделеу және оған қарсы іс-қимылдың тиімді шараларын әзірлеу керек.

Есірткіге байланысты істерді қарау бойынша көп құрамды аудандық соттарда судьяларды мамандандыруды енгізу процесі дамитын болады.

Сонымен қатар ІІМ Академиясының есірткінің, психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі құқық қорғау органдары мамандарының біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөніндегі оқу орталығында кадрлардың мамандандырылған оқуы жоспарлануда.

Заңсыз егілетін және жабайы өсетін қарасора мен апиын көкнәрін анықтау және құрту жөніндегі жыл сайынғы науқандар, олардың жасырын айналымға

түсуінің жолын кесу мақсатында жалғаса беретін болады.

Осы мақсатта құрамында есірткі бар өсімдіктердің өсуі және өсірілуі туралы деректер қорын құру, мүдделі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты нығайту керек.

Есірткінің заңсыз айналымын бақылау саласындағы халықаралық ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуды нығайту үшін ТМД елдерінің ғылыми-практикалық конференциясын өткізу керек.

Халықаралық ұйымдар мен донор елдерді есірткіге сұранысты қысқарту, есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және оңалту, есірткінің заңсыз айналымының жолын кесу саласында перспективалы бағдарламалар әзірлеу мен енгізуге техникалық көмек көрсетуі үшін оларды кеңірек тарту керек.

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары оларды кезең-кезеңмен орындауды көздейді. Іс-шаралардың кешендігі нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресте мемлекеттік және жергілікті билік пен басқару органдарының қызметін барынша үйлестіруге әрі мүмкіндіктерін шоғырландыруға септік жасайды.

Жоспарланған іс-шараларды орындау Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған стратегиясын іске асырудың екінші кезеңін қамтиды.

Бағдарлама нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің қолданылып жүрген нысандары мен әдістерінің тиімділігін арттыруға, мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді одан әрі дамытуға және нығайтуға бағытталған.

Бағдарламаның әкімшісі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеті болып табылады.

Бағдарламаны іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінетін барлық қаражат, сондай-ақ сыртқы техникалық көмек шеңберіндегі жабдықтар мен техника нақты іс-шаралардың орындалуына жауапты министрліктер мен ведомстволарға берілетін болады.

## 6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Осы Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерге берілетін қаражат есебінен және шегінде әрі заңнамамен тыйым салынбаған басқа да көздерден жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаны іске асыру республикалық бюджет қаражатынан 2002 жылы - 85,95 млн. теңге, 2003 жылы - 375 млн. теңге қаржыландыруды талап етеді.

2002 жылы қаржыландыру сомасы нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды орындауға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің сметаларында көзделген, 2003 жылы тиісті жылға арналған бюджетті қалыптастыру жөніндегі бюджет комиссиясы белгілейді және "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес түзетілуі мүмкін.

## 7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны іске асыру кезінде мынадай нәтижелер күтіледі:

нашақорлықтың алдын алу, оны емдеудің тиімді жүйесін нығайту және нашақорлықпен ауыратын адамдарды оңалту жүйесін құру;

есірткіні, психотроптық заттарды және прекурсорларды жасырын айналымнан алу жөніндегі қызметті жандандыру, оларды әкелу мен әкетуде Қазақстан Республикасының кедендік және мемлекеттік шекарасын бақылауды күшейту;

мүдделі органдарды ұйымдық, кадрлық және материалдық-техникалық нығайту, олардың арасында тиімді өзара іс-қимыл орнату арқылы олардың қызметін жақсарту;

нашақорлық пен есірткі бизнесінің таралуымен байланысты проблемаларды шешуде қоғамның барынша жұмдаса түсуіне қол жеткізу;

есірткінің заңсыз айналымын және оларды теріс пайдалануды бақылау саласында халықаралық ұйымдар мен донор елдердің назарын аудару арқылы есірткіге сұранысты азайту, есірткіге тәуелді адамдарды емдеу және оңалту, есірткінің заңсыз айналымының жолын кесу саласында перспективалы бағдарламаларды әзірлеуде және енгізуде оларға техникалық көмек көрсету үшін халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

## 8. Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

```
Р/с!        Іс-шара          !Аяқтау!Орындалуына!Орындалу!Болжанып  отырған!Қаржылан.
N  !                         !нысаны!(іске асы. !(іске   !   шығыстар     !дыру көзі
   !                         !      !рылуына)   !асырылу)!----------------!
   !                         !      !жауаптылар !мерзімі !2002  !2003!2003 !
   !                         !      !           !        !жыл  *!жыл !жыл  !
   !     !  !   !  !  !** !***
--------------------------------------------------------------------------
1 !      2      !  3  !     4    !    5   !        6        !    7
--------------------------------------------------------------------------
```

Есірткіге тәуелді адамдар арасында емдеу және оңалту жұмысын, нашақорлықтың алдын алуды нығайту

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Жастар мен жасөспірімдер үшін есірткіге байланысты проблемаларды шешуде оларға көмек көрсету мақсатында әлеуметтік қызметтер құру жөнінде шаралар қабылдау | Үкімет қаулысы, әкімдер шешімдері | ЕХҚМ, ДСМ, Алматы қаласы, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстарының әкімдері | 2003 жыл | 4,1<br>4,0<br>8,1<br>3,0<br>0,25 | Жергілікті бюджет<br>-"-<br>-"-<br>-"-<br>-"- |
| 2. | Әлеуметтік есірткі иммунитетін егу мақсатында:<br>2.1. Балаларға, жасөспірімдер мен жастарға арналған есірткіге қарсы оқу-танымдық әдебиеттер әзірлеу және басып шығару | Кітапшалар, буклеттер, плакаттар, журналдар | БҒМ, ДСМ, МАКМ, ІІМ | 2003 жыл | 2,85<br>2,26 | Республикалық бюджет |
| | 2.2. Ата-аналар мен педагогтарға, басқа да мамандарға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеу және басып шығару | Әдістемелік ұсынымдар, зерделіктер | БҒМ, ДСМ, ІІМ, МАКМ | 2003 жыл | 4,27<br>0,39 | Республикалық бюджет |
| | 2.3. Есірткіге қарсы | Оқу орындарының жос. | БҒМ | 2002 жылғы | | |

тақырыптарда парларына шілде -
лекция лекциялар 2003
курстарын курстарын жыл
әзірлеу және енгізу
оқу орындары туралы
жоспарларына ведомстволық
енгізу бұйрық
2.4. Есірткіге Нашақорлыққа ӘдМ 2002 1,36 15,0 Республи.
қарсы қарсы күрес (НЕКК), жылғы 3,8 3,7 калық
тақырыптарда халықаралық МАКМ, маусым - 1,75 бюджет
көркем күніне БҒМ, СТА, 2003 жыл 8,2 -//-
шығармаларға арналған ІІМ,
кәсіптік акциялар Ақтөбе, 3,64 Жергі.
конкурстар, өткізу Батыс лікті
спорттық туралы Қазақстан, бюджет
жарыстар ведомстволық Шығыс 1,14 -//-
ұйымдастырып, бұйрықтар, Қазақстан
телеарналарда жарияланымдар, облыстарының 3,0 -//-
және сұхбаттар, әкімдері
кинотеатрларда радио-теле-
қоғам үшін хабарлар,
есірткінің за. "дөңгелек
лалы туралы де. үстелдер",
ректі, ғылыми- көрнекі үгіт
көпшілік және құралдары
көркем фильмдер
көрсете отырып;
жалпы білім
беретін, кәсіптік
мектептер
оқушылары
арасында
есірткіге қарсы
тақырып бойынша
үздік суретке,
шығармаға,
плакаттарға
конкурстар
өткізе отырып,

республикалық
және жергілікті
деңгейлерде
Халықаралық
нашақорлыққа
қарсы күрес
күніне (26 маусым)
арналған
акциялар өткізу
2.5. Бұқаралық Радио- МАКМ, БҒМ, Ұдайы 15,8 15,8 Республи.
ақпарат құрал. телехабар. ҚПА, ӘдМ 1,0 калық
дары арқылы лар, (НЕКК), 0,20 бюджет
қоғамдық санада жарияла. ДСМ, ІІМ, -//-
әлеуметтік нымдар, ҰҚК
есірткі сұхбаттар, (келісім 0,05 -//-
иммунитетін ақпарат. бойынша),
қалыптастыру тық-насихат СТА, МКМ 1,47 1,47 -//-
жөніндегі іс-шаралар, КК, 0,5 Жергілікті
қызметті семинар- Ақтөбе, 0,35 бюджет
жандандыру тренингтер, Батыс
және азамат. "дөңгелек Қазақстан,
тарды мемлекет. үстелдер", Шығыс 5,0 -//-
тік органдардың конферен. Қазақстан,
нашақорлыққа циялар, Жамбыл
және есірткі бейнеро. облыстар. 1,62 -//-
бизнесіне қарсы ликтер ының
күресте қолданып әкімдері
жатқан шаралары
туралы, соның
ішінде танымал
қоғам қайрат.
керлерін, ғылым
және мәдениет
өкілдерін,
дәрігерлерді
және басқа да
мамандарды тарта
отырып хабардар
ету

2.6. Балалардың Спорт Солтүстік 2003 жыл 4,1 Жергілікті
және жасөспірім. мектептері Қазақстан, бюджет
дердің бос мен сек. Батыс 7,5 -//-
уақытын ұйым. цияларын Қазақстан,
дастыру ашу туралы Шығыс 6,0 -//-
мақсатында осы әкімдердің Қазақстан
жұмысқа ПИК пен шешімдері облыстарының
нашақорлыққа әкімдері
және есірткі
бизнесіне қарсы
күрес жөніндегі
аймақтық комис.
сияларды тарта
отырып, спорт
мектептері,
жасөспірім
секциялары
жүйесін дамыту
3. Балалар, Оқу-әдіс. БҒМ, ДСМ, 2002 жылғы 1,4 Республи.
жасөспірімдер темелік Алматы қазан 0,05 0,05 калық
және жастар көп сатылы қаласы, - 2003 бюджет
арасында білім беру Ақтөбе, жылғы Жергілік.
есірткі, бағдарла. Батыс тамыз ті бюджет
темекі шегудің масын Қазақстан, 1,0 -//-
алдын алу әзірлеу Шығыс
жөнінде көп туралы Қазақстан, 1,3 -//-
сатылы білім ведомст. Жамбыл
беру бағдар. волық облыстар. 2,0 -//-
ламасын бұйрықтар, ының
әзірлеу оқу-әдіс. әкімдері 4,74 -//-
темелік
ұсынымдар,
мамандардың
тағылым.
дамасы
4. Кәмелетке Кәмелетке ДСМ, 2002 жылғы
толмағандарды толмаған. Солтүстік қазан - 2,2 Жергілікті
емдеу үшін дарға Қазақстан, 2003 жылғы 5,0 бюджет
наркологиялық арналған Ақтөбе, желтоқсан

диспансерлер стацио. Шығыс 5,75 -//-
құрылымында нарлық Қазақстан, 0,5 -//-
стационарлық бөлімдер Жамбыл
бөлімдер құру туралы облыстар.
құру және ведомст. ының
нығайту волық әкімдері
бұйрық,
әкімдердің
шешімдері

5. 5.1. Мыналарды Есірткіні ДСМ, БҒМ, 2002 0,58 0,58 Республи.
әзірлеу: теріс пай. облыстар, жылғы калық
- және халық. далануға Астана қараша бюджет
тың әр түрлі тұрақты және - 2003
санаттарының мониторинг Алматы жылғы
есірткіні тетігі, қалаларының жел.
теріс пайдала. мониторинг әкімдері** тоқсан
нуына тұрақты тетігін
мониторинг енгізу
тетігін туралы
енгізу; бірлескен
- есірткіге бұйрық.
сұранысты Бағдарла.
қысқарту, малар,
есірткіге мақсатты
тәуелді республика.
адамдарды лық және
емдеу және аймақтық
оңалту бағдар.
жөніндегі ламалар
мақсатты әзірлеу
республикалық туралы
және аймақтық ведомст.
бағдарламалар волық
бұйрықтар,
әкімдер
шешімдері

5.2. Есірткі Есірткіні ДСМ 2002
құралдарын пайдалануды жылғы
пайдалануды ерте анықтау жел.

ерте анықтау мен емдеу тоқсан
мен науқасты әдістеме. - 2003
емдеудің лерін жылғы
қазіргі әзірлеу жел.
заманғы туралы тоқсан
әдістерін ведомст.
әзірлеу волық
бұйрықтар

5.3. Есірткі Үкіметке ӘдМ (НЕКК), 2002
анағұрлым көп ақпарат ІІМ, ДСМ, жылғы
тараған БҒМ желтоқсан
аймақтарды - 2003
анықтау жылғы
желтоқсан

5.4. Құрамында Құрамында БҒМ 2003 5,0 Республи.
есірткі бар есірткі жылғы калық
өсімдіктер бар желтоқсан бюджет
таралатын өсімдік.
аудандарды терді
анықтау және жою
экологиялық әдістемесі
ортаны назарға
ала отырып,
оларды жою
жөніндегі күрес
әдістерін
әзірлеу

5.5. Құрамында Құрамында БҒМ 2003 5,5 Республи.
есірткі бар есірткі жылғы калық
өсімдіктерді бар желтоқсан бюджет
өнеркәсіптік өсімдік.
өндіріске терді
пайдаланудың өнеркәсіп.
ғылыми негіз. тік қолдану
дерін әзірлеу әдістемесі

6. Есірткінің Әкімдердің Облыстар, 2002
таралуының жаңа шешімдері, Астана жылғы
үрдістерін наркологиялық және қазан -
ескере отырып, қызметтерді Алматы 2003

республика жетілдіру қалалар. жылғы
аймақтарындағы туралы ының желтоқсан
наркологиялық бұйрық әкімдері,
қызметтерді ДСМ
жетілдіру
жөніндегі
жұмысты
жалғастыру

7. Бас бостанды. Ведомстволық ӘдМ 2003 10,0 Республи.
ғынан айыру бұйрықтар (ҚАЖК), жылғы калық
орындарында ДСМ қараша бюджет
наркологиялық
қызметті
ұйымдастыруды,
жарақтандыруды
жақсарту

8. Есірткіні Үкіметке ДСМ, БҒМ, 2002
теріс ақпарат ІІМ жылғы
пайдалануды желтоқсан
қысқартуға - 2003
және ЖҚТБ/АҚТҚ жылғы
бақылауға желтоқсан
бағытталған
жобаларды
іске асыру

9. Нашақорлықтың Нашақорлықтың ДСМ 2002 4,5 Республи.
медициналық- медициналық- жылғы калық
әлеуметтік әлеуметтік қазан - бюджет
проблемалары проблемалары 2003
республикалық республикалық жылғы
ғылыми-прак. ғылыми- желтоқсан
тикалық практикалық
орталығын оны орталығы және
елдегі наша. есірткіні
қорлықты емдеу, теріс пайдала.
оңалту, оның нудың тұрақты
алдын алу мониторингі
саласындағы тетігін
басты емдеу- бекіту туралы

клиникалық, ведомстволық
ғылыми, оқу- бұйрықтар
әдістемелік
базасына
айналдыру
арқылы кеңейту;
халықтың әр
түрлі санат.
тарында
есірткіні теріс
пайдаланудың
тұрақты
мониторингі
тетігін әзірлеу
және енгізу
10. Медициналық Ведомстволық БҒМ, ДСМ 2002
жоғарғы оқу бұйрықтар, жылғы
орындарына ғылыми желтоқсан
нашақорлықты әзірленімдер - 2003
емдеу мен оның жылғы
алдын алу желтоқсан
саласында
тиісті ғылыми
тақырыптар
әзірлеу
11. Наркологиялық Үкіметке ДСМ, 2002
мекемелерді ақпарат облыстар, жылғы
тиімділігі Астана желтоқсан
жоғары дәрі- және - 2003
дәрмек құрал. Алматы қа. жылғы
дарымен және лаларының желтоқсан
қазіргі әкімдері
заманғы жаб. ***
дықтармен
қамтамасыз
етуге шаралар
қабылдау
12. Нашақорлыққа Мерзімді ӘдМ 2002 2,3 3,93 Республи.
және есірткі журнал (НЕКК), жылғы калық

бизнесіне ДСМ, ІІМ, қыркүйек бюджет
қарсы күрес МКМ КК, -//-
проблемаларына БҒМ, БП
арналған (келісім
мерзімді бойынша)
журнал шығару

13. Дінге Үкіметке МАКМ, ДСМ, 2002
сенушілер мен ақпарат БҒА, ӘдМ жылғы
олардың жа. желтоқсан
қындарының - 2003
есірткіні жылғы
тұрақты қа. желтоқсан
былдамауын
қалыптастыру
бойынша діни
конфессиялар.
мен өзара
іс-әрекет
жасау

14. Елімізде Үкіметке ӘдМ 2002 1,27 8,0 Республи.
есірткіге ақпарат, (НЕКК) жылғы калық
қарсы күрес семинарлар, қыркүйек бюджет
жұмыстарын "дөңгелек - 2003
үйлестіру үстелдер", жылғы
мақсатында конференциялар желтоқсан
семинарлар,
"дөңгелек
үстелдер",
конференциялар
өткізу

Есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-әрекет тетігін нығайту

15. Есірткі Есірткі ҚПА, МКМ 2003 0,25 Республи.
бизнесі бизнесі КК, БП жылғы калық
ақшасының ақшасының (келісім мамыр бюджет
"ағылуына" "ағылуына" бойынша),
қарсы күрес қарсы күрес ҰҚК

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | стратегиясын әзірлеу және іске асыру | стратегиясы, әдістемелік ұсынымдар | (келісім бойынша) | |
| 16. | Заңсыз айналымнан алынған есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды олардың "қайталама" айналымына жол бермеу мақсатында сақтау, іске асыру және жою мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу | Қылмыстық іс жүргізу кодексіне және "Соттардың, прокуратура, алдын ала тергеу, анықтау, сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер, азаматтық істер жөніндегі және әкімшілік құқық бұзушылық істер туралы заттай дәлелдемелерді, құжаттарды алу, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібі туралы" нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы | ӘдМ, ІІМ, МКМ КК, ҚПА, ҰҚК (келісім бойынша), Жоғарғы Сот (келісім бойынша), БП (келісім бойынша) | 2003 жылғы мамыр |

нормативтік
құқықтық
кесімдер

17. Нашақорлықты емдеуге және алдын алуға маманданды. рылған мемлекеттік емес мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-әрекеттерді нығайту | Үкіметке ақпарат | ДСМ, БҒА, ӘдМ | 2002 жылғы желтоқсан - 2003 жылғы желтоқсан

17.1. Наша. қорлықты емдеуге және алдын алуға маманданды. рылған мем. лекеттік емес мекемелер, қоғамдық ұйымдар қызметін бағалауды жүзеге асыру | Үкіметке ақпарат | ДСМ, БҒА, ӘдМ | 2002 жылғы желтоқсан - 2003 жылғы желтоқсан

18. Қазақстан Республика. сының құқық қорғау және арнаулы органдарының есірткі бизнесіне қарсы күрес | Министрі. ліктер мен ведомстволар бөлімшелерін нығайту туралы ведомстволық бұйрықтар | ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), ҚПА | 2003 жылғы ақпан - желтоқсан | 58,29 28,5 7,55 | Республи. калық бюджет -//-

жөніндегі
бөлімшелерін
ұйымдық және
материалдық
техникалық
нығайту

19. Есірткіні Кеден және ҰҚК ШҚ, 2003 50,85 Республи.
алып өтуге шекара МКМ КК жылғы 48,83 калық
жол бермеу бақылауын ақпан - бюджет
мақсатында күшейту желтоқсан
шекаралық туралы
бекеттерде ведомстволық
кеден және бұйрықтар
шекара
бақылауын
күшейту

20. Есірткінің Үкіметке ӘдМ, ІІМ, 2002
заңсыз ақпарат ҰҚК жылғы
айналымына (келісім қазан,
қарсы күресте бойынша), 2003
ақпарат, МКМ КК, жылғы
тәжірибе және ҰҚК ШҚ қараша
әдістер алмасу
мақсатында
семинар-
кеңестер
өткізу

21. Ұйымдасқан Қылмыстық ІІМ, ҰҚК 2003 0,06 Республи.
қылмыстық ұйымдардың (келісім жылғы калық
топтар немесе немесе бойынша), маусым бюджет
қылмыстық қылмыстық БП
қоғамдастық. қоғамдастық. (келісім
тардың тардың бойынша),
есірткінің, есірткі, МКМ КК,
психотроптық психотроптық ӘдМ, ҚПА
заттар мен заттар мен
прекурсорлар. прекурсор.
дың заңсыз лардың заңсыз
айналымына айналымына

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | байланысты жасаған қылмыстарын арнайы тергеу әдістемесін әзірлеу | | | байланысты жасаған қылмыстарын арнайы тергеу әдістемесі | | | |
| 22. | Соттарда есірткіге байланысты құқық бұзу. шылықтар туралы істерді қарау бойынша судьялардың мамандануын енгізу | Соттарда есірткіге байланысты құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау бойынша судьялардың мамандануы туралы ведомстволық бұйрық | Жоғарғы Сот (келісім бойынша) | 2003 жылғы тамыз | | | |
| 23. | Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдары бөлімшелерін материалдық-техникалық нығайту жөніндегі жұмысты жалғастыру | Үкіметке ақпарат | ӘдМ (ССО) | 2002 жылғы қазан, 2003 жылғы қыркүйек | 25,12 | 25,12 | Республикалық бюджет |
| 24. | Денсаулық сақтау министрлігінің сот медициналық органдары | Үкіметке ақпарат | ДСМ, ӘдМ (ССО) | 2003 жылғы мамыр | | | |

бөлімшелерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету жай-күйін зерделеу және оның қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу

25. Есірткіге байланысты қылмыстар және олардың жасалуына қатысы бар адамдар туралы | Ақпарат алмасуды жетілдіру туралы ведомст. воаралық бұйрық | ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), МКМ КК, БП (келісім бойынша), ҰҚК ШҚ | 2003 жылғы наурыз

деректқорды ведомствоаралық деректқорда жандандыру, мүдделі министрліктер мен ведомстволар арасында ақпараттар алмасу

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 26. | Кәсіпорындарда прекурсорлар өндіру мен пайдалану мониторингін жүргізу | Үкіметке ақпарат | ӘдМ (НЕКК), ЭМРМ, АШМ | 2002 жылғы қазан - 2003 жылғы желтоқсан | 0,7 | 0,7<br>2,68 | Республикалық бюджет |
| 27. | Кинология қызметтерін ұйымдық және | Үкіметке ақпарат | ІІМ, МКМ КК, ҰҚК ШҚ | 2002 жылғы қазан - | 20,0<br>13,5 | 27,97<br>11,6<br>3,75 | Республикалық бюджет |

техникалық 2003 -//-
нығайтуды жылғы
жүзеге асыру желтоқсан
28. Есірткіні, Жабдық, ӘдМ (НЕКК), 2003 10,0 Республи.
психотроптық химиялық ЭСМ, ІІМ, жылғы калық
заттар мен препарат. ҰҚК (келісім наурыз бюджет
прекурсорларды тар, бойынша),
табуға оқытатын МКМ КК,
арналған семинар. ҰҚК ШҚ
жабдықтар, лар
техникалар,
химиялық
препараттар
дайындау
жөніндегі
отандық
өндірісті
дамыту
29. Нашақорлыққа Үкіметке ӘдМ (НЕКК), 2003
және есірткі ақпарат облыстардың, жылғы
бизнесіне Астана және наурыз
қарсы күрес Алматы қа.
жөніндегі лаларының
аймақтық әкімдері
комиссияның
есірткінің
заңсыз
айналымына
тосқауыл қою
жөніндегі
қызметін
бақылау және
үйлестіру
30. "Есірткінің, Бақылауға ӘдМ (НЕКК), 2003
прекурсорлар жататын ІІМ, МКМ жылғы
мен психо. жабдықтар КК, ЭСМ шілде
троптық тізбесін
заттардың бекіту
заңсыз туралы

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | айналымына қарсы күрес туралы" БҰҰ Конвенциясының 13-бабына сәйкес зертханалық жабдықтар саудасына бақылауды қамтамасыз ету | Үкімет қаулысы, бірлескен іс-шаралар жоспары | | |
| 31. | Прекурсорларды заңсыз даярлаудың, импорттаудың, экспорттаудың, айналымының, таралуының және заңды айналымнан заңсыз айналымға шығып кетуінің жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау | Бірлескен іс-шаралар жоспары | ӘдМ (НЕКК), ЭСМ, ЭМРМ, ІІМ, МКМ КК, ҰҚК ШҚ, ҰҚК (келісім бойынша) | 2002 жылғы шілде - 2003 жылғы желтоқсан |
| 32. | Денсаулық сақтау, медициналық және дәрілік қамтамасыз ету жүйесінде есірткі мен психотроптық заттардың пайдаланылуын реттейтін заңнаманың | Бас прокура. тураның жұмыс жоспары | Облыстар мен оларға теңестіріл. ген проку. popлар (келісім бойынша) | Ұдайы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қолданылуын бақылауды күшейту | | | |
| 33. | Шаруашылық жүргізуші субъектілердің есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды өндірістік мақсаттарға қолданылуын бақылауды қатаңдату | Бірлескен іс-шаралар жоспары | ӘдМ (НЕКК), ІІМ, БП (келісім бойынша), ЭМРМ | 2003 жылғы ақпан |
| 34. | Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласында мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру | Мемлекеттік бақылауды жетілдіру жөніндегі ұсыныстар, ведомстволық және ведомство. аралық бұйрықтар | ӘдМ (НЕКК), ДСМ, ІІМ, ҰҚК (келісім бойынша), МКМ КК, АШМ, ҚПА, БП (келісім бойынша), ЭСМ, ЭМРМ | 2003 жылғы сәуір |
| | Есірткіні бақылау саласында тиімді халықаралық ынтымақтастықты нығайту | | | |
| 35. | Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы шарттық-құқықтық базаны жетілдіру, екі жақты және көп жақты келісімдерге | Халықаралық келісімдер мен шарттар | СІМ, ӘдМ, ІІМ, МКМ КК, БП (келісім бойынша), ҚПА, ҰҚК (келісім бойынша) | Ұдайы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қол қою жөніндегі жұмыстарды жалғастыру | | | | | |
| 36. | Шет елдердің есірткі бизнесіне қарсы күрес бойынша мамандандырылған бөлімшелері өкілдерінің қатысуымен оқыту семинарларын жүйелі өткізу | Семинарлар | СІМ, ӘдМ, ІІМ, МКМ КК, БП (келісім бойынша), ҚПА | 2002 жылғы шілде - 2003 жылғы желтоқсан | | Бюджеттен тыс қаражат |
| 37. | Есірткі бизнесіне қарсы күрес ақпаратын, тәжірибесін және әдістерін алмасу мақсатында ТМД-ның арнайы бөлімшелері өкілдерінің қатысуымен конференция өткізу | Конференция | СІМ, ӘдМ (НЕКК), ІІМ, МКМ КК, ҚПА, ҰҚК (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), Жоғарғы Сот (келісім бойынша) | 2003 жылғы маусым | 3,0 | Республикалық бюджет |
| 38. | БҰҰ-ның білікті сарапшыларын мамандарды оқыту процестеріне тарту тәжірибесін жалғастыру | Семинарлар | ӘдМ (НЕКК), СІМ, ІІМ (оқу орталығы) | 2002 жылғы қыркүйек - 2003 жылғы желтоқсан | | Бюджеттен тыс қаражат |

39. Халықаралық ұйымдар мен донор елдердің қаражатын Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласына тарту жөніндегі жұмысты жалғастыру | Үкіметке ақпарат | ӘдМ (НЕКК), СІМ, ІІМ, ҚПА, МКМ КК, ҰҚК ШҚ, ҰҚК (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), Жоғарғы Сот (келісім бойынша) | 2002 жылғы желтоқсан - 2003 жылғы желтоқсан

Барлығы 85,95 375,0 74,84

-----------------------------------------------------------------------

* Сомалар 2002 жылы нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды орындауға арналған республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің сметасында көзделген.

** Осы бағанда келтірілген шығыстар сомасы алдын ала жобаланған және 2003 жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру жөніндегі бюджеттік комиссия "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес белгілейтін болады.

*** Іс-шаралар нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күреске 2002 жылға арналған жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражат ескеріле отырып іске асырылады; 2003 жылға арналған соманы 2003 жылға арналған жергілікті бюджеттерді түзу кезінде іздестіру ұсынылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК